

Түркі мемлекеттерінің басын біріктірген Халықаралық қазақ-түрік университетіне  
30 жыл!

ШЫНДЫҚҚА АПАРАТЫН БІРДЕН-БІР ЖОЛ – ҒЫЛЫМ ЖОЛЫ

# Ясауи университеті

a.yassau@mail.ru

университет студенттерінің үні

№ 17 (530) 30 қараша 2022 жыл



## ҚАСЫМ-ЖОМАРТ КЕМЕЛҰЛЫ ТОҚАЕВТЫҢ ҚҰТТЫҚТАУ ХАТЫ

ҚҰРМЕТТІ УНИВЕРСИТЕТ ҰЖЫМЫ ЖӘНЕ  
СТУДЕНТТЕР!

Баршаңызды Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің 30 жылдық мерейтойымен құттықтаймын! Бұл бүкіл еліміз үшін айтулы оқиға.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында күллі түркі әлемінің астанасы- Түркістан төрінде ашылған университет көп ұзамай-ақ бауырлас елдердің бәріне ортақ, маңдай алды білім ордасы атанды. Сондай-ақ, жалпы түркі өркениетінің рухани шаңырағына айналды. Елімізде алғашқы болып Халықаралық жоғары оқу орны мәртебесін иеленді.

Осы жылдар ішінде университет қарқынды дамып, өзінің бай тарихын қалыптастырды. Әлемдік білім беру жүйесімен барынша ықпалдасып, іргелі оқу орындарымен тығыз қарым-қатынас орнатты.

Университет 2020 жылы академиялық дербестік беретін ерекше мәртебеге ие болды. Бүгінде оның заманауи инфрақұрылымы бар. Мұнда жастарды әлеуметтік қолдауға арналған арнайы жүйе қалыптасқан. Білім ордасының

дипломы түркі тілдес елдердің бәрінде жоғары бағаланады.

Жоғары оқу орындарының педагогикалық ұжымы еліміздің түрлі салаларына білікті мамандар даярлау ісіне елеулі үлес қосып келеді. Бүгінде оның 90 мыңнан астам түлегі Отанымыздың игілігі үшін табысты еңбек етіп жүр.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті өзінің мерейтойын зор жетістіктермен қарсы алып отыр. Ең бастысы, оқу орнының одан әрі дамып, биік белестерді бағындыруға әлеуеті жетеді.

Мен осы киелі шаңырақтың тұғырын нығайтып, әлемдік білім және ғылым жүйесіндегі абырой-беделі жоғары оқу орнына айналарына көміл сенемін. Ұжымдарыңызға толағай табыс және бақ-береке тілеймін! Университетіміз өсіп-өркендей берсін!

Қасым-Жомарт Тоқеев, ҚР Президенті  
Астана 22.11.2022 жыл

БҮГІНГІ  
НӨМІРДЕ:

### СТУДЕНТТЕРМЕН КЕЗДЕСТІ

Басқосу барысында студенттердің жағдайын және бастамаларын тыңдай отырып, Қуаныш Асылханұлы өзінің студенттік кезінен де естеліктер айтты. Ол университет миссиясы мен құндылықтарын тереңінен түсіндіріп берді. Жастардың көзінен жалын көрген вице-министр тың идеяларға қолдау көрсетуге дайын екенін атап өтті.

2-бетте

### МОБИЛОГРАФИЯ - ЖАСТАРДЫҢ СҮЙІКТІ ЖАНРЫ

Алғашқы курстарда жалпылауыш сабақтар арқылы телефон камерасы туралы ептеп базалық білім алғаны бар. Енді матрица, оптика, диафрагма, shutter, iso, white balance, формат сияқты қажетті дағдыларды толықтай бойына сіңіруде. Мобильді құрылғы арқылы фото немесе видео түсіру барысында осы білімі кәдесіне жарап жатыр.

3-бетте

### ТАЛАПТЫҢ МІНІП ТҮЛПАРЫН...

Жасөспірімдерді осындай тәуелділіктен арылтатын жолдарын табу осындай тығырыққа тірейтін жауапсыз сұрақтармен аяқталып жатады. Балаларды интернет тәуелділіктен арылту үшін немесе тәуелділіктің алдын алу үшін барлық ата-аналарға мүмкіндігінше көп уақытын баланың күн тәртібіне аудару керек.

5-бетте

## ТҮРКІ УНИВЕРСИТЕТТЕРІ ОДАҒЫНЫҢ VI БАС АССАМБЛЕЯСЫ ӨТТІ

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде Түркі мемлекеттері ұйымы Түркі университеттері одағының VI Бас ассамблеясы өтті.

Жиынға Қазақстан, Түркия, Әзірбайжан, Қырғызстан, Өзбекстан, Мажарстан елдерінен 50-ге жуық университеттің басшылары, ғалымдары мен студенттері, сондай-ақ халықаралық ұйымдардың өкілдері, дипломаттар, эксперттер, қоғам және мәдениет қайраткерлері қатысты.

Ассамблея Түркі мемлекеттері ұйымының Бас хатшысының орынбасары Өмер Қожаман, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Өкілетті Кеңесінің төрағасы, профессор Мухиттин Шимшек, университет ректоры Жанар Темірбекова және ректор өкілі Женгиз Томардың құттықтау сөзімен басталды.

Түркия Республикасы Ұлы Ұлт Мәжілісі төрағасы Мустафа Шентоп та арнайы Қазақстан мен Түркия арасында берік байланыс орнағанын тілге тиек етіп, түркі дүниесінің білім мен ғылым саласындағы абырой-беделі асқақтай беруіне тілектес екенін айтты.

Жиында 2018-2022 жылдары екі кезең қатарынан төрағалық еткен Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті атқарған жұмыстары туралы есеп берді. Сондай-ақ, «Орхон үдерісі» бағдарламасы, Түркі университеттері одағына мүше елдерден жаңа университеттер қабылдау, Студенттер кеңесінің жұмыстары, 2023-2024 кезеңінің жол картасы және тағы басқа мәселелер қаралды.

Басқосу соңында төрағалық міндетті Әзірбайжан мемлекеттік экономика университетіне табыстады. Айта кетейік, Түрік Кеңесі Түркі әлемі университеттер Одағы 2013 жылы құрылған. Қазіргі таңда Одаққа Қазақстан, Түркия, Әзірбайжан, Қырғызстан, Өзбекстан, Венгрия елдерінен 40-тан астам университет мүше.



## ЖАҢАЛЫҚТАР

## ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ ВИЦЕ-МИНИСТРІ УНИВЕРСИТЕТ СТУДЕНТТЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ

ҚР Ғылым және жоғары білім вице-министрі Қуаныш Ерғалиев университетімізге іс-сапары аясында студенттердің сабағына қатысып, белсенді жастармен жүздесті.

Ең алдымен, Қуаныш Асылханұлы «Туризм» мамандығында оқитын студенттердің сабағына қатысып, өзінің тәжірибесімен бөлісті. Сондай-ақ, студенттердің идеяларын тыңдап, мамандық бойынша жобаларымен танысты. Бұдан соң вице-министр оқу орнымыздың Студенттік парламент белсенділерімен кездесті. Басқосу барысында студенттердің жағдайын және бастамаларын тыңдай отырып, Қуаныш Асылханұлы өзінің студенттік кезінен де естеліктер айтты. Ол университет миссиясы мен құндылықтарын тереңінен түсіндіріп берді. Жастардың көзінен жалын көрген вице-министр тың идеяларға қолдау көрсетуге дайын екенін атап өтті. Әрі қарай Қуаныш Ерғалиев университет лабораториялары мен жатақханаларын, студенттік асхананы аралады. Сондай-ақ, студент жастар ұйымдастарған «Әндетемін party» кешінде қонақ болып, жастармен бірге әуезді әндерді тыңдады.



## ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНА ОРТАҚ МҰРА

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркология ғылыми-зерттеу институтында Түркология ғылыми-зерттеу институтының директоры профессор Бүлент Байрамның «Чуваш жазбалары» атты кітабының тұсаукесері өтті.

Түркология ғылыми-зерттеу институтының директоры доктор, профессор Бүлент Байрам «Чуваш жазбалары» атты кітабында осыған дейінгі чуваш халқының наным-сенімі мен фольклоры, тілі жинақталған 20 жылдық зерттеулерінің нәтижесінде жарыққа шыққан ауқымды еңбегі екенін атап өтті. Тұсаукесерге университет басшылығы, ғылым бөлімі қызметкерлері, Түркология ғылыми-зерттеу институты ұжымы, оқытушы-профессорлар мен студенттер қатысты. Тұсаукесер барысында сөз кезегін алған университетіміздің ректор өкілі Жингиз Томар Бүлент Байрамның «Чуваш жазбалары» атты кітабының тек чуваш халқы үшін емес, бүкіл түркі дүниесі үшін ауқымы кең, тың еңбек болатынын атап өтті. Сонымен қатар Қаржы және халықаралық байланыстар вице-ректоры Пусат Пилтен, Әлеуметтік-мәдени даму вице-ректоры Асқар Тұрғанбаев Бүлент Байрамның тұсауы кесілгелі отырған еңбегіне пікірлерін білдіріп, оң бағаларын берді. Ал, Түркология ғылыми-зерттеу институтының жетекші ғылыми қызметкері профессор Шәкір Ибраев мырза бұл кітаптың тек фольклорлық туынды ғана емес, сондай-ақ чуваш халқының тілін де қамтитын ерекше еңбек екенін айта отырып: «Бұл кітаппен таныса отырып, фольклортанушы ғана емес, тілші-ғалымды да көрдім. Архивтік материалдары сирек кездесетін чуваш халқы үшін еңбектің маңызы ерекше» — деп атап өтті. Сөз кезегін алған PhD доктор Альбина Кыран өзінің Чуваш ұлтынан екенін, бұл еңбектің чуваш ұлты үшін құнды туынды болатынын айтып, Түркология ғылыми-зерттеу институтының директоры Бүлент Байрам мырзаға алғысын білдірді. Ізгі тілектерден кейін, ректор өкілі Жингиз Томар, Қаржы және халықаралық байланыстар вице-ректоры Пусат Пилтен, Әлеуметтік-мәдени даму вице-ректоры Асқар Тұрғанбаев «Чуваш жазбалары» атты кітаптың ресми түрде лентасын қиып, Бүлент Байрам мырзаның алдағы уақыттағы жұмыстарына табыстар тіледі.

Туркология ғылыми-зерттеу институты

## АҚПАРАТТАР АҒЫНЫ

Оқу ордамызда Мажарстанның Қазақстандағы Төтенше және өкілетті елшісі Отто Иван Рона мен Мажарстанның Бас Консулы Ференц Блауманн қонақ болды. Құрметті елшілерді университетіміздің Қаржы және халықаралық байланыстар вице-ректоры Пусат Пилтен қарсы алып, оқу орнымызда білім алып жатқан Мажарстандық студенттермен кездесу өтті.

\*\*\*

Түрік квотасы бойынша бөлінген 117 орын босады. Осыған орай, босаған орындарды қайта толтыру үшін GPA баллы 3-тен жоғары білім алушылар арасында конкурс өткізілді. Комиссияның ашық және әділ шешімінің нәтижесінде босаған орындар студенттерге толық үлестірілді.

\*\*\*

Университетімізде Фридрих Эберт қорының қолдауымен жарыққа шыққан «Гендер және Қазақстан қоғамы» басылымының тұсаукесері өтті. Басқосуға Фридрих Эберт қорының Қазақстандағы өкілдігінің мүшелері, жоба жетекшілері, кітап авторлары мен зерттеушілері, сондай-ақ оқу ордамыздың ұжымы мен студенттер қатысты. Жобаның ғылыми жетекшілері – университетіміздің ректоры Жанар Темірбекова және медиа сарапшы, ғалым Молдияр Ергебеков Қазақстандағы гендерлік теңдік жағдай мен теңсіздік себептерін көрсету еліміздегі әлеуметтік мәселелерді шешуге жағымды ықпал ететінін атап өтті. Басылым таныстырылымы ерекше форматта ұйымдастырылып, 4 сессияда жоба зерттеушілері түрлі тақырыпта жүргізген сараптамаларының нәтижесімен бөлісті. Мәселен, «Гендер және медиа» сессиясы барысында зерттеушілер қазақтілді медиадағы көпбалалы аналардың репрезентациясы, балалар мультфильмдері мен БАҚ-тағы гендерлік рөлдер, еліміздегі медиа саласындағы гендерлік мәселелерге назар аударып, шешу жолдары мен кеңестерімен бөлісті.

\*\*\*

Биыл Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіне 30 жыл толды. Оқу орны үшін айтулы мерейтойды атап өту былтырдан бері қолға алынып, түрлі деңгейдегі ауқымды іс-шаралар өткізіліп келеді. Ал жуырда университет ұжымы Түркістанның төрінде кең көлемде гала-концерт ұйымдастырып, жыл көлемінде істелген жұмыстардың нүктесін қойды.

Ахмет Ясауи университеті бауырлас Түркия Республикасымен бекем ынтымақтастық нәтижесінде түркі әлемінің ортақ білім-ғылым шаңырағына айналды. Сондықтан да университет тарихындағы маңызды шараны бірге атап өту үшін Қазақстан мен бүкіл түркі әлемінен қонақтар қатысты. ҚР Ғылым және жоғары білім вице-министрі Қуаныш Ерғалиев, Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалды, Түркия Республикасының Шетелдік түріктер және бауырлас ұлттар басқармасының төрағасы Абдуллах Ерен, Түркі мемлекеттері ұйымы бас хатшысының орынбасары Өмер Қожаман, Түркістан облысының зиялы қауым өкілдері, сондай-ақ түркі әлемі мен қазақстандық университеттің басшылары, университет ұжымы, түлектер мен студенттер жиналды. Іс-шара аясында «Университет жетістіктері» көрмесі ұйымдастырылып, онда университеттің 30 жылда жеткен жетістіктері, ғылыми өнертабыстары, қоғамға пайдалы болу мақсатында жасаған жобалары, студенттердің шығармашылық еңбектері көрсетілді. Ал негізгі гала-концерттің шымылдығын университет ректоры Жанар Темірбекова мен ректор өкілі Жингиз Томар ашып, жиналған көпшілікке ерекше алғысын айтты. Оқу орны басшылары 30 жыл жүріп өткен белестегі негізгі дүниелерді тілге тиек етті.

# МОБИЛОГРАФИЯ – ЖАСТАРДЫҢ СҮЙІКТІ ЖАНРЫ

Бітіруші курс студенті Ерқанат Балтабай Түркістандағы Ахмет Ясауи университетінде оқиды. Заманауи жанрлардың бірі – мобилографияны жетік меңгеріп алған. Оқу бітірген соң кәсіби мобилограф болғысы келеді.

Алғашқы курстарда жалпылауыш сабақтар арқылы телефон камерасы туралы ептеп базалық білім алғаны бар. Енді матрица, оптика, диафрагма, shutter, iso, white balance, формат сияқты қажетті дағдыларды толықтай бойына сіңіруде. Мобильді құрылғы арқылы фото немесе видео түсіру барысында осы білімі кәдесіне жарап жатыр.

Қазір соңғы курста «Телеоператор шеберлігі» пәнінен дәріс алып жүр. Осы пән арқылы экспозиция, композиция, стабилизация, ракурс, план, жарық, дыбыс, монтаж сияқты дағдыларды тереңірек білгісі келеді. Топтас құрбысы Шаира екеуі сценарий жазу, раскадровка жасау (кадрдың суретін сызу), түсірілім, монтаждау сияқты тәжірибелерді табиғат аясындағы практикалық сабақтар барысында телефондағы мобильді қосымшалар арқылы қолданып жүр. Өткен сабақта қысқа сюжет түсіріп, операторлық мүмкіндігін көрсетуге тапсырма бергенмін. Университеттің ботаникалық бағында болып, тәп-тәуір дүние жасап әкеліпті.

Ерқанаттың кадрды көзбен емес, көңілмен көре алатын шеберлігіне тәнті болдым. Бір қызығы, телефон арқылы түсірілген сюжеттің монтажі студиядағы компьютер басында емес, қолындағы мобильді құрылғысы арқылы жасалғаны. Жастардың телефонмен түсірілген бейнені түрлі мобильді қосымшалар арқылы музыкамен, интершуммен, титрмен әрлеп, сәтті контент жасауға қызығуы қандай ғанибет!

Бекжігіт СЕРДӘЛІ



## ОЙ ҰШҚЫНЫ

Шаттыққа толы жастық көктем, бозбалалық дәурен қандай рахат. Көктемнің жаңбырынан кейінгі бүршік жарған жап-жасыл жауһазындай қаулайтын, жастық армандар, адуынды толғамдар қандай керемет. Жапырақта тұрған меруерт шырақтай мөлдір көңілдің, ұмтылмас шақтардың алтын тамшылары өз топырағын сумен емдеп шөлін қандырып жатқан шығар.

Жастық шақ өміріңнің алтынға бергісіз асыл кезеңі. Ол жалыны-от, қызуы-шоқ кез. Талғамы қандай от болса, оның басатын қатерлі баспалдағы да сексеуілдің шоғындай. Алдына келген баспалдаққа екіленбей аяқ басатын жігер тек жастықтың бойынан табылатын қуат. Сондықтан балалық боз дәурен адам өмірінің гүлдей құлпырған бір мезгілі.

Өмір күрес әрі ұзақ, әрі қысқа сапар. Қысқа болатыны ол барша тіршілік атаулыға бір-ақ рет. Ұзақ болатыны өмірдің соқпағына жол алған соң кедір-бұдыр таусылмас азабы мол қилы тағдыр сізді отқа салып сынай жүріп, шыңдай жүріп жетілдіреді. Бұл жарықпен қоштасар сәттегі атымыз басқа-басқа.

Әр күнің, әр минутың өміріңнің құрамы. Жастығың, көктемің біте қайнасаң. Бүгінін, ертеңін, кешесін көктем етіп өткізген жандар бақытты. Көктем күллі әлемге жаңа тыныс-тіршілік сыйлаушы.


«Адам баласының басшысы-ақыл, жолдасы-ой, қорғаны-сабыр, қорғаушысы-мінез, қымбаттысы-ар, таразысы-жүрек, сыншысы-халық», - деп бекер айтпаған.

Қара ала күшікпен жарысқан балалық артта қалып, жастық дейтін үлкен кезеңнің көшесіндегі студенттік өмірдің иегерлері. Естеріңізден көтерілген болар өткен шақта ойыңызды қытықтап санаңызды сарылытқан армандарыңыз, сіз кімсіз? кім боласыз?

«Озар елдің баласы он бесінде баспын дер, тозар елдің баласы отызында жаспын дер». Қадірін біліп сыйлайтын жастықтың ақ таңертеңгі рух серпілісіне жол ала алмай қалудан бойыңды арашала. меңгере біл...

Өмір көтеріп тұрып құлатады, жұбатып тұрып жылатады. Тұрмыстың тарпаң асуынан алыстап жасайтын пенде жоқ. Алайда тұрмысқа азығын беріп жағаңызға жармастырмаңыз тұрмыс адамды бағатын орта болғанымен, кермексіз ой мен икемсіз іс әне сол адамның қадамына көлденең болады.

Егейлердің егейі, кереметтің иесі болу, ақылыңызбен басталып асылыңызбен келеді. Алайда бар пейіліңмен сүйген ұлтыңның намысын қорғау барлық азаматтың борышы. «Қолда барда алтынның қадірі жоқ». Қадірін біл жалаңаяқ су кешіп, белуардан от кешуге батыл тұратын жастығыңның әр күнін қастерлей біл. Ертең аударылса бір парақ, қайда қаласың... Өзіңді тәрбиелеу әр күніңнен басталады. Үміттің отын өшірмейтін жүрегің болған шақта бағалай алмасаң, ертеңгі күні жолдасың кім боларын білмей қаласың...



Жанар ҰЛАСБЕКҚЫЗЫ

## СТУДЕНТ ЖАЗБАЛАРЫ



## Студенттер беті

## АУДИТОРИЯ

## АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІ 30 ЖОБА – 30 БАҒЫТ

Биылғы жыл Қожа Ахмет Ясауи университетінің мерейлі жылы. Еңселі оқу ордасының қаланғанына – 30 жыл! Түркі елдері арасында көш бастап, инновациялық және ғылыми дамуды мақсат еткен оқу ордасы бүгінде әлемдік оқу орындарының үздіктері қатарында. Егемендік алып, ел болған шақта бой көтерген оқу ордасы қазіргі таңда он үш мыңнан астам студентке білім беріп отыр. Тәуелсіздігімізбен тұспа – тұс келген университет мерейтойы қарсаңында жыл басынан бері іс-шаралар бірінен соң бірі тізбектеліп өтіп жатыр. Солардың ең ауқамдысы – «30 жылға – 30 бағыт» атты жоба. Жобаны іске асыру бірден қолға алынып, өз нәтижесін бере бастады.

«Ана жұрттан ата жұртқа: 100 кітап» жобасы аясында ең танымал, ғылыми жүйедегі Түркиялық кітаптар қазақ тіліне аударыла бастады. Қазірдің өзінде он бір кітап қазақ тіліне аударылып үлгерді. Әлем елдері Қазақстанымызды «қызғалдақтың отаны» деп біледі. Университетіміздің ботаникалық бағында қызғалдақ өсіріледі.

Жобаның бастамасы қызғалдақты көбейту мен сақтауға мұрындық болып отыр. Ал, Түркістан қызғалдағы өз қауызын ашып үлгерді. Университетімізде денсаулық сақтау бойынша әртүрлі жоба, іс-шаралар іске асырылып келеді. «Ана жұрттан – ата жұртқа: Денсаулық көпірі» жобасы көптеген мүмкіншілігі жоқ, емдеуге мұқтаж жандар үшін оңтайлы болмақ. Жобаны іске асыру басталғаннан ақ елімізге Түркиялық мамандар келіп, көз аурулары пластикалық оталарын жасады. Әртүрлі ауруларға шипа табылып, алты ота жасалынды. Лингвистикалық орталық пен тұрақты даму жолға қойылып, іске асыру басталып кетті.

«Ясауи көктемгі мектебі» бастау алып, Түркістан облысы мектептерінің қызметкерлері көктемдік тәжірибе алмасудан өтіп, арнайы сертификатталды. Электроэнергетика, IT, Халықаралық қатынастар, медицина салалары бойынша «Қос дипломдық білім беру» жобасы жасалатын болады. Бұл білім беру жүйесіне оң өзгерістер енгізбек. Жобаны іске асыру мақсатында университет оқытушылары Түркия еліне іс сапармен барып та үлгерді. Онда Түркиядағы жоғарғы оқу орындарын аралап, білім беру аясында алдағы мақсаттар туралы талқылады. «Түркістан екі мың қырық келешек келбеті» концепциясы да кезек күттірмей тұр. Концепцияның стратегиясын құру, бағдарламасын

жасау қолға алынды. Түркияға іс-тәжірибе алмасуға, арнайы тренинг өткізіп, лекциялар тыңдап, саяхат жасауға университет үш жүз студентке мүмкіндік сыйлады. Бұл да отыз жобаның негізгілерінің бірі. «Ахмет Ясауи тіл мектебі» шетелдіктер үшін қазақ тілін үйренуге таптырмас мүмкіндік. Қазақ тілінің мәртебесін көтеріп, тіл үйренуге ниетті жандардың тілегін орындамақ.

Өңірдің жасыл аймағына көрік беретін ботаникалық бақта толық реконструкцияланбақ. Одан бөлек, осы жылдың мамыр айында Теология факультеті мен «Түркология» ғылыми-институтының жаңа ғимаратының қазығы қағылды. «Үш D модельдеу», «Цифрлық педагогика», «Электр жүйелерін цифрлы модельдеу» оқу зертханалары ашылып, Huawei IT Академиясы жұмыс істейді. Түркістан-ежелгі қала. Мұнда тарихымыздың іздері жатыр. Түркістан қаласын зерттеу, көненің көзін ашу, археологиялық қазба жұмыстарын ұйымдастыру, материалдық емес, мәдени мұрасын зерттеу отыз жобаның тағы бір мақсаты.



Бұл жобалар университеттің ғана емес, тарихи қаланың да рухани әлеуетін арттырып, Түркиямен ықпалдастыққа да әсерін тигізбек. Түбі бір түркі жұртының баласын бір шаңырақ астына жинаған, үздік ғылым-зерттеушілер мен қызметкерлер еңбегі аясында оқу ордасының отыз жобасы белсенді түрде сәтті аяқталары сөзсіз. Ал жастар бұл мүмкіндікті пайдалана отырып, келешек үшін мұра қалдыруы, рухани құндылықтарды жоғалтпауы тиіс!

Сандуғаш БЕКТҰРОВА,  
4-курс студенті

## ТАЗАЛЫҚ – ИМАННЫҢ ЖАРТЫСЫ

Мақтанш тұтып, жүзің жайнап, көңілің шат-шадыман болатын жердегі әттеген-ай дерлік дүниені жазбақ ниетпен қолыма қалам алдым. Біздің университет нақтырақ айтқанда Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті еліміздегі ғана емес, Орта Азиядағы озық университеттердің қатарында. Өзінің студенттері мен оқытушыларына,

ұжымның әрбір мүшесіне қолайлы жағдай жасап, қолдау көрсетіп отырады. Бүгін аталмыш университеттің басшылығына біршама студенттердің, тіпті университет қонақтарының өтінішін жеткізбек ниеттемін. Биыл 30 жылдығын атап өтіп отырған еңселі оқу орнында намаз оқитын таза, жылы жердің болмауы көптеген жандар үшін мәселе болып отыр. Мұны оқып отырып, «оны несіне мәселе қылады, бастысы ниет емес пе?» деп ойлауыңыз мүмкін. Тіпті аға буын өкілдері «діни фанатизм» деп айыптар ма екен деп көп ойландым. Ойлана келе «бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ», не де болса нартәуекел дедім. Бұл мақаланы жазуыма университетіміздің адам көп бара бермейтін дәліздеріндегі жайнамаздарды көруім себеп болды. Бұрындары теология мамандығында



оқитын, басқа да салада білім алып жүрген студент достарымнан «намаз оқитын жер жоқ» дегенді естігенде қатты мән бермейтінмін. Көпшілігі таңнан қара кешке дейін кітапхана мен корпустың арасында жүреді. Студент болғаннан соң қосымша жұмыс жасайтындар тағы бар. Мәдени, спорттық іс-шараларға қатысып, белсенді өмір

салтын ұстанып жүрген жастар да жетерлік. Мешітке барып келу де айтарлықтай уақыт алады. Нәтижесінде көп достарым намазды тастап кетті. Құрметті Мухиттин Шимшек мырза бастаған университет басшылығы, қымбатты ректорымыз Жанар Темірбекова ханым! Сіздерге шәкірттеріңіз ретінде үлкен сенім мен үміт арта отырып, өтінішімді жеткізгім келеді. Сіздерден сүйінші хабар күтетін боламын. Алдын-ала рақмет!

**Ағайша Алпысбаева,**  
3-курс студенті

## ТАЛАПТЫҢ МІНІП ТҰЛПАРЫН...

Қазір технология заманы, барлығы қарыштап даму үстінде. Бүгінгі күн гаджет пен компьютерге телміргендердікі болып отыр. Көшеде, қоғамдық ортада байқасаңыз, телефоннан бас алмаған, өзімен бірге алып жүрген компьютеріне сағыздай жабысып отыратын адамдарды көресіз. Көбінде компьютерлік тәуелділік жасөспірімдер арасында орын алады. Ал, тәуелділікке не нәрсе алып келеді? Ол әлеуметтік бейімделудің жеткіліксіздігі, адамдармен жеке қарым-қатынаста қауіпсіздік сезімінің болмауы. Бұл психологиялық фактор, компьютерлік тәуелділік ата-анасымен жақындығы жоқ, құрдастарымен қарым-қатынасы жоқ және өзінің маңыздылығын сезінбейтін жасөспірімдерде пайда болады.

Жасөспірімдердің өміріне компьютерлік ойын соншалықты терең еніп, тіпті олар үшін компьютерлік, яғни виртуалды «өмір» шын өмірге қарағанда әлдеқайда қызықты болып бара жатыр. Өртүрлі ойындар, интернет желісінде қолданатын қосымшалар да көбейген. Әлеуметтік желіде көрген-білгендерін қызықтап, қажетті ақпараттармен бөлісіп, фото орнату, лайк басу, пікір білдіру, селфи жасау үрдісі қалыпты дағдыға айналды. Сол парақшаларындағы достарын көбейтуге барын салған жасөспірімдер, шынайы достықтың да, өз жақындарымен, достарымен араласудың да қасиетін ұмытып барады. Достарымен шүйіркелесіп әңгіме-дүкен құру, уақыттарын тиімді өткізетін, бас қосқан күннің өзінде айтарлары жоқ жастар қатары азайған. Бүгінде интернетке тәуелділік салдарынан жазу мәдениетінде «желілік терминология» қалыптасып барады.

Компьютерлік тәуелділікті болдырмаймын деп, заманауи технологиялық үдерістерінен де қалдыруға болмайды.

Бос уақытын қызықты өткізгісі келетін жас жеткіншіктерге қандай амал қолданса болады? Жасөспірімдерді осындай тәуелділіктен арылтатын жолдарын табу осындай тығырыққа тірейтін жауапсыз сұрақтармен аяқталып жатады.

Балаларды интернет тәуелділіктен арылту үшін немесе тәуелділіктің алдын алу үшін барлық ата-аналарға мүмкіндігінше көп уақытын

баланың күн тәртібіне аудару керек. Мүмкіншілік болса, кинотеатрға, концертке билет эпери, жалпы интернеттің орнын баса алатын бір қызығушылық табу. Балаларды әр демалыста қызықты дүниелермен айналысуға баулу маңызды. Мысалы, күнделікті теледидарға не мониторға телміргенше, бір сәт кітап оқып, достарымен ойнап бірге сөйлесіп уақыт өткізген жөн. Басты шарт ретінде балаңызға компьютерде отыру уақытын белгілеп беріңіз. Жас бала бала компьютерден басқа да қызықты ойын-сауықтар бар екенін көрсету (футбол, басқа да спорт түрлері, тауға шығу, т.б.), олардың денсаулыққа пайдалы екенін түсінуі қажет.

**Сандуғаш Бектұрова,**  
4-курс студенті



## ГАЗЕТТІҢ ТҮРІК ТІЛІНДЕГІ ҚОСЫМШАСЫ



## TÜRK DEVLETLERİ TEŞKİLATI – TÜRK ÜNİVERSİTELER BİRLİĞİ 6. GENEL KURUL TOPLANTISI AHMET YESEVİ ÜNİVERSİTESİ EV SAHIPLIĞINDA TÜRKİSTAN'DA YAPILDI



Üniversitemizin dönem başkanlığını yaptığı Türk Devletler Teşkilatı, Türk Üniversiteler Birliği 6. Genel Kurul toplantısı üye üniversitelerimizin Rektörlerinin katılımlarıyla 23.11.2022 Çarşamba günü saat 10.00'da başladı. Türk Üniversiteler Birliği 6. Genel Kuruluna; Türkiye, Kazakistan, Özbekistan, Azerbaycan, Kırgızistan, Macaristan'dan gelen 50'nin üzerinden rektör ve üniversite temsilcileri katıldı.

Toplantının yönlendiriciliğini Türk Devletleri Teşkilatı Genel Sekreter Yardımcısı Sayın Ömer KOCAMAN'ın yaptığı toplantının açış konuşmaları Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Muhittin ŞİMŞEK, Ahmet Yesevi Üniversitesi Rektörü Dr. Janar TEMİRBEKOVA ve Rektör Vekili Prof. Dr. Cengiz TOMAR tarafından yapıldı. Prof. Dr. Muhittin ŞİMŞEK konuşmasında Ahmet Yesevi Üniversitesinin Türk Üniversiteler Birliği Dönem Başkanlığı süresince yaptığı çalışmalardan ve gerçekleştirilen projelerden bahsederek Ahmet Yesevi Üniversitesinin Türk Dünyasının akademik ve kültürel faaliyetlerinin gelişmesi çerçevesinde geniş bir yelpazede yürüttüğü çalışmalarla öncü ve örnek bir üniversite olduğunu söyledi. Prof. Dr. Muhittin ŞİMŞEK, sözlerini Türk Üniversiteler Birliği dönem başkanlığını üstlenecek olan Azerbaycan Devlet Ekonomi Üniversitesine başarılar dileyerek tamamladı.

Türkiye Büyük Millet Meclisi Başkanı Prof. Dr. Mustafa ŞENTOP, programa video mesaj ile katıldı. Sayın ŞENTOP konuşmasında Ahmet Yesevi Üniversitesinin bünyesinde Türkiye'den ve Kazakistan'dan gelen bilim insanlarının ve öğrencilerin omuz omuza yaptığı çalışmalarla Türk Dünyasının ortak geleceği ve aydınlık yarınları için önemli bir temel ve yatırım olduğunu; Hoca Ahmet Yesevi Üniversitesi yalnızca Türkiye ve Kazakistan için değil Türkistan'dan yükselen ışığı ile Türk Dünyasının dört bir tarafından gelen öğrenciler için de önemli bir eğitim yuvası ve kaynaşma ocağı olduğunu; Türkiye ile Kazakistan'daki en köklü ve uzun ömürlü iş birliği projelerinden biri olan üniversitemizin başında Sadece bu iki ülkenin değil aynı zamanda tüm Türk dünyasının iftihar kaynağı olduğunu belirtti.

Açış konuşmalarının ardından Türk Üniversiteler Birliği 6. Genel Kurulu başladı ve gündem maddelerinin görüşülmesine geçildi.

## AHMET YESEVİ ÜNİVERSİTESİNDE “ÇUVAŞ YAZILARI” ADLI ESERİN TANITIM TOPLANTISI DÜZENLENDİ

Ahmet Yesevi Üniversitesi Türkoloji Araştırmaları Enstitüsü Müdürü Prof. Dr. Bülent Bayram'ın yirmi yıllık emeğinin ürünü olan “Çuvaş Yazıları” adlı eserinin tanıtımı 24.11.2022 günü saat 14.30'da düzenlenen toplantı ile Enstitümüzde gerçekleştirildi. Toplantıda söz alan Üniversitemiz Rektör Vekili Prof. Dr. Cengiz TOMAR, Rektör Yardımcısı Doç. Dr. Pusat PİLTEN, Rektör Yardımcısı Askar TURGANBAYEV ve Prof. Dr. Şakir İBRAYEV kitap hakkındaki beğenilerini ve tebriklerini dile getirdiler.

Üniversitemiz akademik ve idari personeli ile öğrencilerinin katılımıyla gerçekleşen toplantı, anı fotoğrafı çekiminin ardından sona erdi.



## AHMET YESEVİ ÜNİVERSİTESİ DİL ÖĞRETİM MERKEZİNİN AÇILIŞI YAPILDI



Türkiye Cumhuriyeti Yurtdışı Türkler ve Akraba Topluluklar Başkanlığı tarafından tefriş edilen Ahmet Yesevi Üniversitesi Dil Öğretim Merkezinin açılışı 22.11.2022 tarihinde Türkiye Cumhuriyeti Yurtdışı Türkler ve Akraba Topluluklar Başkanı Sayın Abdullah EREN ve Üniversitemiz Rektör Vekili Sayın Prof. Dr. Cengiz TOMAR tarafından yapıldı. Üniversitemiz Rektör Vekili ve Kurum Müdürü ile öğretim faaliyetlerini istişare eden Sayın EREN, kurumda görevli okutman ve öğretmenlerle hasbihâl etti. Açılış, anı fotoğrafı çekimiyle sona erdi.

## AHMET YESEVI ÜNİVERSİTESİNİN 30. YILI İÇİN KAZAKİSTAN CUMHURBAŞKANI SAYIN KASIM COMART TOKAYEV'İN MESAJI

Ahmet Yesevi Üniversitesinin kuruluşunun 30. Yılı olması münasebetiyle 2022 yılı içerisinde 30 önemli proje gerçekleştirdi. “Ana Yurttan Ata Yurda Eğitim ve Sağlık Köprüsü”, “Altın Bilezik Meslek Edindirme Kursları”, “THY Akademi ile Yer Hizmetleri Kursları”, “Sürdürülebilir Kalkınma Merkezi”, “Yesevi Bahar Okulu” ve “Avrasya Yaz Okulu” gibi önemli bilimsel-kültürel projeler tamamlandı. Projeler ve tamamlanma süreçleri, Kazakistan Cumhuriyeti Bilim ve Yüksek Öğretim Bakanlığı Bakan Yardımcısı Kuanys Yergaliyev, Türkisyan Eyalet Valisi Darhan Satıbalı, Türkiye Cumhuriyeti Yurtdışı Türkler ve Akraba Topluluklar Başkanı Abdullah Eren, Türk Devletleri Teşkilatı, Türk Üniversiteler Birliği üye üniversitelerden gelen 50’den fazla rektör ve üniversite temsilcilerinden oluşan geniş katılımlı bir toplantıyla paylaşıldı.

“30. Yıl Gala”sının açış konuşmasını yapan Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanımız Prof. Dr. Muhittin Şimşek, “30 Yılda mezun ettiğimiz 90 binden fazla mezunumuz dünyanın çeşitli yerlerinde hizmet etmekte ve Türk kültürüne katkıları

olmuştur. Aynı zamanda bir bütün olarak Türk medeniyetinin manevi yuvası hâline gelmiştir. Ülkemizin tarihinde uluslararası yükseköğretim kurumu statüsüne sahip olan ilk üniversite olmuştur. Bu yıllarda üniversite hızla gelişti ve kendi zengin tarihini oluşturdu. Olabildiğince dünya eğitim sistemiyle bütünleşmiş, temel eğitim kurumlarıyla yakın ilişkiler kurmuştur. 2020’de üniversite, akademik bağımsızlık bakımından özel statüye sahip oldu. Bugün de modern bir altyapıya sahiptir. Burada, gençlerin sosyal açıdan desteklenmesi için özel bir sistem oluşturulmuştur. Ahmet Yesevi Üniversitesinin verdiği diploma, bütün Türk dünyası ülkelerinde takdir edilmektedir. Üniversitenin akademik personeli, ülkenin çeşitli alanlarında nitelikli uzmanların yetiştirilmesine önemli katkılarda bulunmaktadır. Bugün de 90.000’den fazla üniversite mezunu vatanımızın yararına başarıyla hizmet etmektedir. Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi kazandığı büyük başarılarla 30. yıldönümünü kutluyor. En önemlisi, Üniversite’nin daha da gelişme ve büyük zirvelere ulaşma potansiyeline sahip olmasıdır. Bu kutsal yuvanın temelinin güçleneceğine, dünya eğitim ve bilim sistemindeki en prestijli yüksek öğretim kurumu hâline geleceğine



sunmaktadır. Gerek Cumhurbaşkanım Sayın Recep Tayyip Erdoğan’ın gerekse Kazakistan Cumhurbaşkanı Sayın Kasım Comart Tokayev’in üniversitemize göstermiş oldukları önem, yükledikleri misyon ve bizi Türk Dünyasının parlayan bir yıldızı olarak görmeleri bizi daha da heyecanlandırmakta ve akademik ve kültürel çalışmalarımızı daha sağlam temeller çerçevesinde çoğaltmamıza imkân sağlamaktadır. Onların koyduğu bu misyonu bizler vizyonumuz hâline getirerek Üniversitemize daha iyi yerlere taşıdık ve taşımaya devam ediyoruz. Bu vizyon neticesinde Üniversitemizin bilimsel başarıları QS Üniversiteler Sıralamasında kendini göstermiş ve Üniversitemiz dünyada ilk 750 üniversite içinde yer edinmiştir. Başarılarımızın artarak devam etmesini temenni ediyorum. Üniversitemizi destekleyen devlet büyüklerimize teşekkürlerimi ve saygılarımı sunuyorum.” dedi. Kazakistan Cumhurbaşkanı Sayın Kasım Comart Tokayev, üniversitemizin 30. Yılı olması münasebetiyle bir tebrik mesajı gönderdi. Sayın Tokayev’in mesajını Türkistan Eyalet Valisi Darhan Satıbalı okudu. Sayın Tokayev mesajın şu şekildedir:

“Sayın Üniversite Çalışanları ve Sevgili Öğrenciler Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesinin 30. yıldönümü kutlu olsun! Bugün bütün ülkemiz için çok önemlidir. Bağımsızlığın ilk yıllarında tüm Türk Dünyasının manevi başkenti olan Türkistan’da açılan üniversite, kısa bir sürede tüm kardeş ülkelerin ortak eğitim merkezi

inancım tamdır. Çalışanlarınıza büyük başarı ve refah diliyorum! Üniversitemiz büyüsün ve gelişsin!”

Açış konuşmaları sonrası Üniversitemizin gelişmesinde ve büyük başarılarına imza atmasında yardım ve desteklerini esirgemeyen kurum ve şahıslara Üniversitemizin 30 Yıllık Şeref Madalyası takdim edildi. Türkiye Cumhuriyeti Yurtdışı Türkler ve Akraba Topluluklar Başkanı Sayın Abdullah Eren, Türk Devletleri Teşkilatı Genel Sekreter Yardımcısı Sayın Ömer Kocaman, Türkistan Eyaleti Başsavcısı Marat Alihanov, Türkistan Eyaleti Millî Güvenlik Komitesi Departman Başkanı, Türkistan Eyaleti Emniyet Müdürü, Türkistan Eyaleti Aksakallar Konseyi Başkanı, Türkistan Eyaleti Meclis Üyesi, Türkistan Eyaleti İş Kadınları Derneği Başkanı, TRT Kazakistan Temsilcisi Sayın Mehmet Zahir Çalışkan, Uluslararası TÜRKSOY Baş Yönetmeni üniversitemize sunmuş oldukları katkılardan dolayı teşekkür ediyoruz.

Üniversitemiz Bilim İnsanları Elmira İdrisova, Prof. Dr. Seydullah Sadıkov, Prof. Dr. Absaldık Kalilev, Prof. Dr. Gülsara Tokılova Uluslararası TÜRKSOY Teşkilatı Genel Sekreteri Sultan Raev öncülüğünde Ahmet Baytursunoğlu’nun Doğumunun 150. Yıl Dönümü Şerefine çıkarılan madalya ile ödüllendirildiler. Kendilerini tebrik ediyor, başarılarının devamını diliyoruz. 30. Yıl Galası Türkiye, Kazakistan ve Türk Dünyasından pek çok önemli eserin yer aldığı coşkulu konser ile devam etti.

## СПОРТ

## СПОРТТАҒЫ ЖЕТІСТІКТЕР

Университет қызметкерлері мен студенттері көптеген Халықаралық жарыстарда, конкурстарда, көрмелерде топ жарып жүр. Атап айтқанда, университет ұжымы университетіміздің түлегі 2000 жылғы Сидней олимпиадасының жеңімпазы, марқұм Бекзат Саттархановты мақтан тұтып, мәңгілік жадында сақтайды. Сонымен қатар осы олимпиаданың күміс жүлдегері атанған Мұхтархан Ділдабеков те университетіміздің мақтанышы. Біздің түлектер – ел мақтанышы!

Университетіміздің спортшылары арасында дзюдодан XVIII Азияда ойындарының жеңімпазы, еркін күрестен Азия чемпионатының жеңімпазы, Әлем Кубогінің жеңімпаз жүлдегері және Әлем чемпионатының жеңімпаз жүлдегерлері бар.

Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Спорт және өнер факультетінің студенттері белбеу күресінен Жастар арасындағы Әлем чемпионатында ел қоржынына жүлде салды. Жастар арасындағы әлемнің үздіктері бас қосқан жарыс 24-27 қараша күндері Ташкент қаласында өтті. Аталған сайыста 52 кг салмақта белдескен Әбілтаева Назерке күміс жүлдені қанжығалады. Тағы бір шәкіртіміз – Жұмахан Жұлдыз жүлделі III орынды иеленді. Спортшы 66 кг салмақта додаға түсті.

Талдықорған қаласында Ел тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай Самбо күресінен КСРО спорт шебері Қайрат Мейренбаевты еске алуға арналған 23 жасқа дейінгі ерлер мен әйелдер арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионаты өтті. Аталған додада университетіміздің спортшылары топ жарды. Ерлер арасында қарсыласқа есе жібермеген Абдувахаб Алиходжаев 98 келі салмақта 1 орынды иемденіп «Спорт шебері» атағын алды. Сондай-ақ 71 келі салмақта Кемелбек Молдаш 2 орынды місе тұтса, 88 келі салмақта Ерехан Нуридин 3 орынмен жүлдегерлер қатарын толықтырды.

Ал әйелдер арасында Назгүл Есімбек 80 келі салмақта I орынды қанжығалап, «Спорт шебері» атағын алды. Нәбиева Бибіхан 54 кг салмақ дәрежесінде белдесіп, күміс жүлдені қанжығалады. Ал 54 келіде бағын сынаған Воисова Наргиз бен 59 келі салмақта боз кілемге шыққан Гүлзира Құдасбек III орынға табан тіреді.

Қапшағай қаласында белбеу күресінен 23 жасқа дейінгі әйелдер мен ерлер арасында ҚР чемпионатында 52 кг салмақта Войсова Наргиз I орын, 66 кг салмақта Мұханбетәлі Диана III орын, 72 кг салмақта Қожанова Ажар III орынды иемденді. Семей қаласында самбо күресінен ерлер мен әйелдер арасында Қабанбай батырға арналған Қазақстан кубогінде 65 кг салмақта Ақжігітова Айнұр II орын, 65 кг салмақта Рүстемова Әсемай III орын, 80 кг салмақта Мақсат Әйгерім I орынға ие болды.

Орал қаласында бокстан ерлер арасында Қазақстан Республикасының чемпионатында 86 кг салмақта Тоғанбай Сағындық I орын иеленді.

Сербия мемлекетінде бокс спорт түрінен өткен халықаралық турнирде 70 кг салмақта Шойбекова Гаухар I орын иеленді. Студентіміз – Мадина Аман әйелдер күресінен U-20 дейінгі жастар арасындағы әлем чемпионатында қола жүлдені иеленді. Байрақты бәсеке Болгария мемлекетінің София қаласында өтіп жатыр. Мадина 59 келіге дейін салмақ дәрежесінде кілемге шығып, еліміздің жүлделер қоржынын толықтырды.

Ресейдің Чебоксары қаласында Каратэ-до спортынан әлем біріншілігі өтті. Жасөспірімдер арасындағы сайыста Цой Наталия 1 орынды иеленсе, Қайназарова Нұрай 3 орынды қанжығасына байлады.

Өзбекстанның Наманган қаласында белбеу күресінен әлем чемпионаты өтіп, өз мөресіне жетті. Дүбірлі додаға 24 мемлекеттің білекті палуандары қатысып, өзара бақ сынады. Ерлер және әйелдер арасында түрлі салмақ бойынша өткізілген әлем біріншілігінде спортшы студенттеріміз жүлделілер қатарынан көрініп, мерейімізді үстем етті. Әйелдер арасындағы белбеу күресінен 52 кг салмақта Назерке Әбілтаева, 58 кг-да Гүлзира Құдасбек және 66 кг салмақ бойынша Айнұр Ақжігітовалар қола жүлдені иемденді.

Университет спортшылары бокстан жастар арасында өткен 40-шы «АЛТЫН ҚОЛҒАП» халықаралық турнирінде жоғары жетістікке жетті. Сербияның Суботица қаласында өткен турнирде 70 келі салмақта Гаухар Шойбекова алтын медаль иеленсе, 75 келі салмақта Айда Сарыбарова қола жүлдені еншіледі. Университетіміздің атын шығарып, жүлделі орындарды иемденген білімгерлерімізден үлкен үміт күтеміз.



## Ясауи университеті

УНИВЕРСИТЕТ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҮНІ

Газет 1995 жылдан шыға бастады

Меншік иесі: Кожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Редактор: Жанар БЕЙСЕНБАЕВА

Редакция мекен-жайы: 161200, ОҚО, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов № 29, бас оқу ғимараты 216-кабинет.

Медиа және PR орталығы:

журналистер:

Эльмира АРТЫҚБАЕВА

Фото маманы:

Нахып ШЫНТЕМИРОВ

Газетті есепке қою туралы

№11180-Г куәлікті 2010 жылы 4 қазанда Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігі берген.

Таралу аумағы - Қазақстан Республикасы.

Байланыс телефоны: 8 /72533/ 6-38-13, ішкі (1020) Эл.пошта: a.yassau@mail.ru

Редакцияға жолданған хаттар 1,5 машинкалық беттен аспауы тиіс. Автордың пікірі, мақалалары, ашық хаттары мен үндеулері редакцияның көзқарасын білдірмейді. Кейбір суреттер интернеттен алынды

2019 жылдың қаңтарынан бастап «Ясауи университеті» газеті электрондық және интернет форматында шығарыла бастады.